

23.04.2020г № 38-ПГВР

**АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ
ДӘРІГЕРІ**



**ГЛАВНЫЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ**

ҚАУЛЫСЫ

Атырау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

город Атырау

Қорғаныс бетперделін тағу ережелері туралы

Атырау облысы тұрғындарының арасында алдағы уақытта коронавирустық инфекцияның таралуын алдын алу мақсатында
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. №1 қосымшаға сәйкес қорғаныс бетперделерін тағуға байланысты ұсынымдар бекітілсін.
2. Бұқаралық ақпарат құралдарына қорғаныс бетперделерін тағуға байланысты ұсынымдарды, соның ішінде әлеуметтік желілерді қолдана отырып, кеңінен тарату ұсынылсын.
3. Қаулының орындалысын бақылауды өзімде қалдырамын.

**Атырау облысының бас мемлекеттік
санитарлық дәрігері**

Т.Мусағалиев

Қорғаныс бетперделерін тағуға байланысты ұсынымдар

1. Қорғаныс бетперделерін тағу адамдарды инфекциядан қорғау мақсатында ұсынылып отыр. Қорғаныс бетперделері механикалық тосқауыл бола алады және вирустық респираторлы аурулардың, соның ішінде COVID-19 вирусының таралуының алдын алады. Алайда, тек қана бетпердені тағып жүру толыққанды қорғаныс бола алмайды. Өзге де шаралар қолға алынуы керек.

2. Халыққа қорғаныс бетперделері міндетті тағу ұсынымдары көрсетіліп отыр:

- әлеуметтік ара қашықтық шараларын сақтау мүмкін емес жабық ғимаратта (дәріхана, дүкен, кеңсе, медициналық ұйым, халыққа қызмет көрсету саласындағы ұйым және басқа) болған кезде барлық тұлғалар;

- коронавирус инфекциясына күдікті адамға көмек көрсету кезінде барлық дені сау адамдарға;

- коронавирустық инфекциясына ұқсас ауру белгілері пайда болған тұлғаларға (дене қызуының көтерілуі, жөтел, түшкіру);

Бұл жерде аталған бөлім адамды аталған талаптарды бұлжытпай орындауға міндеттейді және оны орындамаған жағдайда кінәлі адам әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

3. Қорғаныс бетперделерін жабық ғимараттан тыс жерде (көшеде) тағу, халық арасында вирустың таралу қаупін төмендету үшін керек.

Мақсат - адамдардың бет-әлпетін (мұрын, ауыз) кездейсоқ ұстауының алдын алу. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, адам күніне орта есеппен минутына 3-5 рет бет әлпетін ұстауы мүмкін. Және бұл жағдай көбіне адамның бақылауынан тыс орын алып жатады. Ластанған қол инфекция жұқтыру қаупін күшейтеді.

Аталған бөлім ұсыным болып табылады. Сондықтан, бұл ұсынымдарды орындамаған адам әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды.

4. Қолды ұдайы антисептикпен тазалау немесе сабынмен жуу кезінде ғана, маска инфекция жұқтыру қаупінен сақтай алатын нәтижелі құрал бола алады.

5. Қорғаныс маскаларын тағудың нәтижелілігін арттыру үшін, бір реттік медициналық маскаларды қолдану мен жоюдың ережесін міндетті түрде білу қажет.

6. Қорғаныс маскаларын пайдаланудың негізгі ережелері:

- масканы тағар алдында қолды міндетті түрде антисептикпен тазалау керек немесе сабынмен жуу қажет;

- масканы мұрын мен ауызды толық жабатындай етіп және бет пен маска арасында саңылау болмайтындай етіп тағу керек;
- пайдалану кезінде масканы ұстамау; масканы ұстаған жағдайда қолды антисептикпен тазалау немесе сабынмен жуу;
- егер қолдану кезінде маска ылғалдана бастаса, оны жаңасына алмастыру ұсынылады және бір реттік масканы қайта қолданбау ұсынылады;
- масканы шешер алдында мұқият болу және оны шешер кезде көзге, мұрынға, ауызға қол тигізбеу;
- масканы шешу үшін оны артқы немесе жанындағы резеңкесінен (масканың алдыңғы қабатына қол тигізбестен) ұстау және қоқысқа арналған жабық контейнерге бірден тастау; бұдан соң қолды міндетті түрде антисептикпен тазалау немесе сабынмен жуу ұсынылады.